

ЖОБА

«2026 жылға арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі мен субсидиялар нормаларын бекіту туралы»

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына, «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №107 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып тіркелген) бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының 80-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2026 жылға арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі мен субсидиялар нормалары бекітілсін.

2. Шығыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялау үшін «Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің сайтында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шығыс Қазақстан облысы әкімінің агроөнеркәсіп көшені мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Н.Сақтағанов

«Шығыс Қазақстан облысының ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы жобасының толық мәтіні Шығыс Қазақстан облысы әкімінің [akimvko.gov.kz](#). ресми сайтында орналасқан.

ЖОБА

2026 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) түрлерінің тізбесін және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмна) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №107 «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып тіркелген) бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының 64-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Мыналар:

1) 2026 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) түрлерінің тізбесі және сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмна) арналған субсидиялар нормаларыосы қаулының қосымшасына сәйкес.

2. Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялау үшін «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің сайтында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шығыс Қазақстан облысы әкімінің агроөнеркәсіп көшені мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Н.Сақтағанов

«2026 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) түрлерінің тізбесін және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмна) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы » Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы жобасының толық мәтіні Шығыс Қазақстан облысы әкімінің [akimvko.gov.kz](#). ресми сайтында орналасқан.

#АЙБЫН

«Жас сарбаз» сыныбының шәкірттері ант қабылдады

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы орта мектепте тағылымы терең, маңызы зор әскери-патриоттық іс-шара өтті. Биыл бұл білім ордасындағы «Жас сарбаз» сыныбының 10-шы ант қабылдауы. Осы мерейтой аясында «Жас сарбаз» қозғалысының оныншы легі салтанатты түрде әскери ант қабылдады.

Ант қабылдау рәсімі еліміздің Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасы алдында өтті. Жас сарбаздар Отанға адал болуға, ел тыныштығын қорғауға, әскери тәртіпті сақтауға және мемлекет заңдарын құрметтеуге ант берді. Бұл сәт – оқушылар үшін елге қызмет етудің алғашқы әрі жауапты қадамы.

Салтанатты жиынға мектеп әкімшілігі, ұстаздар, ата-аналар және арнайы шақырылған қонақтар қатысты.

– «Жас сарбаз» сыныбы он жыл ішінде талай елжанды, тәртіпті, жауапкершілігі жоғары жасөспірім-

#МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Көрсетілетін қызметті алушының құқықтары қалпына келтірілді

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті өңірде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылауды және бағалауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган. Оның қызметінің басым бағыттарының бірі – азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жөніндегі жұмыс.

Ағымдағы жылдың қараша айында Департаментке Радужный тұрғын алабында тұратын Өскемен қаласының тұрғынына «Үйде күтім жасау жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызметін көрсету мүмкін еместігіне байланысты Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен өтініш түсті. Мұның себебі мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі техникалық сәйкессіздіктер болды.

«Электрондық үкімет» порталы арқылы өтініш беру әрекеті кезінде азаматша Л.И.Белованың өтініші Глу-

ВАКАНСИЯЛАР

Өскемен қаласы
«Казцинк-ТемирТранс» ЖШС Өскемен цехына:
- электржабдықтарды жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі электрмонтер қажет.

Байланыс деректері: 8 (7232) 29-27-91, түйіндемені Өскемен қ., Промышленная к-сі, 1 мекенжайына әкелу немесе Yelena.Bobrova@kazzinc.com электрондық мекенжайына жолдау керек.

Риддер қаласы
«Казцинк-ТемирТранс» ЖШС Риддер цехына:

- пойыздар құрастырушы;
- жол монтері;
- бағыттама посты кезекшісі;
- электржабдықтарды жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі электрмонтер қажет.

Байланыс деректері: 8 (72336) 2-76-54, +7-771-095-20-47, түйіндемені Риддер қ., Горноспасательная к-сі, 23 мекенжайына әкелу немесе Olga.V.Medvedeva@kazzinc.com электрондық мекенжайына жолдау керек.

Алтай қаласы
«Казцинк-ТемирТранс» ЖШС Алтай цехына:
- жол монтері;
- вагондарды тексеруші-жөндеуші қажет.

Байланыс деректері: Алтай қ., «Казцинк-ТемирТранс» ЖШС Алтай цехына 8 (72335) 9-67-25 телефонына, Yekaterina.Vorontsova@kazzinc.com электрондық мекенжайына хабарласу керек.

ВАКАНСИЯЛАР

«DTJ Service» ЖШС келесі мамандарды жұмысқа шақырады:

Материалдар есебі бойынша бухгалтер;
Жол монтері (тәжірибесіз қабылданады);
СОБ электрмеханигі;
Байланыс электрмеханигі;
Жасанды құрылыстар цехінің жөндеу жұмысшысы.
Сұрақтар бойынша:
Тел: 8 706 620 53 59



дерді тәрбиелеп шығарды, – деді облыстық «Жас сарбаз» қозғалысының төрағасы Дәурен Шоматов.

Іс-шара барысында оқушылар саптық дайындықтарын көрсетті.

«Жас сарбаз» сыныбы – жас ұрпақты отансүйгіштікке, батылдыққа, тәртіп пен жауапкершілікке баулитын маңызды жоба. Бұл күні ант қабылдаған жас сарбаздар да осы дәстүрді абыроймен жалғастырып, ел игілігі жолында қызмет етуге дайын екендіктерін көрсетті.

«Дидар» ақпарат

бокее ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне автоматты түрде жіберілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 8 ақпандағы қаулысына сәйкес, Глубокое ауданы жерінің бір бөлігі, Радужный тұрғын алабын қоса алғанда, Өскемен қаласының шегіне енгізілді.

Өтінішті қарау барысында қабылданған қаулыға қарамастан, мемлекеттік ақпараттық жүйелерде тиісті өзгерістер енгізілмегені анықталды. Осыған байланысты Департамент деректер базасына қажетті түзетулер енгізу мақсатында ақпараттық жүйелерді сүйемелдеуге және өзектендіруге жауапты орталық уәкілетті мемлекеттік органдарға хаттар жолдады.

Бүгінгі күні анықталған сәйкессіздіктер жойылды, ақпараттық жүйелерге өзгерістер енгізілді, азаматшаға мемлекеттік қызмет толық көлемде көрсетілді.

Е.М.Айқымбеков,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің ШҚО бойынша Департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шығыс Қазақстан облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы ММ 05.01.2026-12.01.2026 аралығында «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша: **«Шемонаиха-Усть-Таловка автомобиль жолының учаскесін ШҚО-да Уба арқылы өтетін көпірі бар Жол полициясы бекетіне дейін қайта жаңарту»** жобасына талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар ақпараттық жүйеде ([ndbecology.gov.kz](#)) өткізіледі. Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың ұлттық деректер банкі» сайтында ([ndbecology.gov.kz.](#)) жобалық құжаттама пакетімен танысуға болады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ
ТЕЛЕФОНЫ: 8 (7232) 75-28-22,
8 777 23 97 682
ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА:
MARKETING@ALTAINNEWS.KZ

МҰРАГЕРЛЕР ІЗДЕЛУДЕ

■ Ерболова Әсем Ерболқызы, 06.12.2025 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус А.К.Байболоваға ШҚО, Өскемен қ., Қазақстан көш., 75, 62 тұрғын емес бөлме, мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс. Ұялы тел.: 8-777-212-72-00, тел: 26-15-46.

■ Хамзин Мурат (туған жылы 07.08.1943), 22.05.2025 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус А.Д.Амреноваға ШҚО, Өскемен қ., Әуезов даңғылы, 9-62 мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс. Тел: 28-04-37.